**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ**
**Ақтөбе облысының Әділет департаменті**

**Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама**

**БСН 131040023057**

Ақтөбе қаласы

12.01.2021 ж.

| | |
|---|---|
| **Атауы:** | "Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі |
| **Орналасқан жері:** | Қазақстан, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Темірбек Жүргенов ауылдық округі, Темірбек Жүргенов ауылы, Темірбек Жургенов көшесі, 73 ү. |
| **Басшының м.а.:** | САМЕТЕЕВ АБДИБЕК ТУЛЕПБЕРГЕНОВИЧ |
| **Құрылтайшысы:** | Ақтөбе облысының әкімдігі |
| **Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні:** | 25.10.2013 ж. |

**Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықтама заңды тұлғаның қайта мемлекеттік тіркеуден өткенін растайтын құжат болып табылады**

**Басшының орынбасары** **Б. Раскалиев**

Берілген күні: 04.08.2023 ж.

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Ақтөбе облысы әділет департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

Қазақстан Республикасының
әділет Министрлігі
Өзгерістер мен толықтырулар
2023ж. 04. 08
өтгізілді
№ 357 бұйрық



Ақтөбе облысы әкімдігінің
2023 жылғы «25» шілде
№ 190 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының
әділет Министрлігі
2021. 12. 01
Заңды тұлғаның мемлекеттік
қайта тіркеуі жүргізілді
БИН 131040023057
Алғашқы тіркелген күні
2013ж. 25. 10

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы**
**Әйтеке би ауданының білім бөлімі»**
**мемлекеттік мекемесі туралы**
**ЕРЕЖЕ**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – білім бөлімі) білім саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Білім бөлімінің ведомстволық бағынысты ұйымдары бар.

3. Білім бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Білім бөлімі мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Білім бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Білім бөлімінің, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Білім бөлімі өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен облыс әкімі аппараты басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Білім бөлімінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Білім бөлімінің орналасқан жері: 030100, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Темірбек Жүргенов ауылдық округі, Темірбек Жүргенов ауылы, Темірбек Жүргенов көшесі, 73 үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже білім бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Білім бөлімінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. Білім бөліміне кәсіпкерлік субъектілерімен облыс әкімі аппаратының өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер заңнамалық актілермен білім бөліміне кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## 2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

14. Мақсаттары:

1) білім беру үдерісінің үздіксіздігін және сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында облыстың біртұтас білім кеңістігін дамыту стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыру;

2) мектепке дейінгі және ақысыз бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімді жалпыға бірдей қол жеткізуге, сонымен қатар жалпы білім беру мекемелерінде қосымша білім алу үшін мемлекеттік кепілдіктерді қамтамасыз ету;

3) мүмкіндігі шектеулі тәрбиеленушілер, жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін негізгі жалпы білім беру бағдарламалары бойынша жалпыға бірдей қолжетімді мектепке дейінгі және ақысыз жалпы білім беруді ұйымдастыру;

4) жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедек балалардың конституциялық құқығы мен заңды мүдделерін, сонымен қатар оқушылар (тәрбиеленушілер) мен облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінің педагогикалық қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету;

5) жалпы қолжетімді және сапалы білім беруді жетілдіру бойынша бағынысты білім беру мекемелерінің қызметін дамытуға бағытталған кешенді іс-шараларды анықтау және жүзеге асыру.

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да міндеттерді жүзеге асыру.

15. Өкілеттіктері:

Құқықтары:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және бағынысты ұйымдардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрату және алу;

2) бағынысты ұйымдардың қызметін үйлестіру;

3) өз өкілеттіктері шегінде шарттар, келісімдер жасасу;

4) заңнамада белгіленген тәртіппен білім бөлімінің мүдделерін білдіруді жүзеге асыру;

5) аудан аумағында орналасқан ұйымдардың басшыларына өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қажетті тапсырмалар беру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, облыс әкімінің актілері мен тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындау;

3) мемлекеттік мекемеге бекітілген коммуналдық мүліктің сақталуын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

16. Функциялары:

1) білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

3) кешкі (ауысымды) оқу нысанын қоса алғанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беруді қамтамасыз етеді;

4) мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, орта білім алғанға дейін оларды оқытуды ұйымдастырады;

5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының қажеттілігін, ата-ана төлемақысының мөлшерін айқындайды;

6) облыстың білім басқармасы арқылы қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың ақы төлеу мөлшерін облыстың жергілікті атқарушы органына бекітуге енгізеді;

7) облыстың білім басқармалары арқылы облыстың жергілікті атқарушы органына бекітуге орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын енгізеді;

8) қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

9) мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

10) тірек мектептердің (ресурс орталықтарының) жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

11) аудандық деңгейде жүзеге асырылатын балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

12) оқу-өндірістік комбинаттардың қызметін қамтамасыз етеді;

13) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастыруға жәрдемдесу;

14) мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) және мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;

15) орындаушылар конкурстары мен балаларға арналған кәсіби шеберлік конкурстарын жалпы білім беретін пәндер бойынша аудандық, қалалық мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

16) аудандық ауқымдардағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді қажет ететін отбасылардан шыққан балаларға және мемлекеттік білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы күтіп-ұстауға және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға бөлінетін бюджет қаражатының жиынтық көлемінің кемінде екі пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;

17) ауданның әдістемелік кабинеттердің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;

18) қолданыстағы заңнамаға сәйкес ауданның білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшыларын аттестаттауды ұйымдастырады;

19) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлауға және қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі жоспарды қалыптастырады;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының, орта білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

21) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтамасыз етеді;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастыру;

23) тиісті кентте, ауылда, ауылдық округте мектеп болмаған жағдайда білім алушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастырады;

24) аудандардағы мемлекеттік білім беру ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

25) аудандарда орналасқан білім беру ұйымдарының психологиялық қызметінің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді;

26) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру;

27) қамқоршылық кеңестерге жәрдем көрсету;

28) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

29) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

30) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына және отбасыларына қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

31) білім беру ұйымдарында, оның ішінде аудандарда орналасқан ұйымдарда ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасайды;

32) ауданның білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі жөніндегі мәселелерді үйлестіреді;

33) облыстардың білім басқармаларына ауданның, білім бөлімінің құрылымын келісуге енгізеді және бекітеді;

34) ауданның тиісті шағын учаскесінің қажеттілігін негізге ала отырып, мемлекеттік білім беру ұйымдарының тарификациялық тізімдерін, штат кестесін, жұмыс оқу жоспарларын (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру, қосымша білім беру), сондай-ақ орта білім беру ұйымдарының сынып-жиынтықтарының санын келіседі;

35) мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын тәртіптік жауапкершілікке тартады;

36) бюджеттік өтінімді сапалы жасауды және облыстың білім басқармасына ұсынуды қамтамасыз етеді және жауапты болады;

37) білім беру саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

38) өз құзыреті шегінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді;

39) қолданыстағы заңнамамен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 3 - тарау. Мемлекеттік орган басшысының мәртебесі, өкілеттігі

17. Білім бөліміне басшылықты білім бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

18. Білім бөлімінің басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім басқармасы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. Білім бөлімінің басшысының өкілеттігі:

1) білім бөліміне жүктелген мақсаттарды іске асыруды ұйымдастырады;

2) өз құзыреті шегінде білім бөлімінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

3) білім бөлімінің құрылымы мен штат кестесін, оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережені, білім бөлімі қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

4) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісе отырыпауданның, Алға қаласының білім бөліміне ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

5) білім бөлімінің тәртіптік және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

6) қызметтік тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

7) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, білім бөлімінің мемлекеттік қызметшілерін іссапарға жіберу, оларға демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар белгілеу мәселелерін шешеді;

8) еңбек қатынастары мәселелері жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған жұмыскерлерді қоспағанда, білім бөлімінің мемлекеттік қызметшілерінің тәртіптік жауаптылығы мәселелерін шешеді;

9) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

10) білім бөлімінің бұйрықтарына қол қояды;

11) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда білім бөлімінің мүддесін білдіреді, сот, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдарда аудандық білім бөлімінің мүддесін білдіруге сенімхаттар береді;

12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қажетті шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

13) ерлер мен әйелдердің тәжірибесіне, қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызметке теңдей қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

14) білім бөлімінің барлық қаржылық құжаттарына бірінші қол қою құқығына ие болады;

15) қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

16) білім бөлімінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

## 4 -тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Білім бөлімінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

21. Білім бөлімінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Білім бөліміне бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, білім бөлімі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## 5 -тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Білім бөлімін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Білім бөлімінің қарамағындағы мекемелердің тізбесі:

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
2. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Аққұм негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
3. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
4. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Айке жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
5. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Байжанкөл бастауыш білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
6. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Басқұдық жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
7. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Белқопа жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
8. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жақия Сәрсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жабасақ жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

11. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Жамбыл жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

12. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жарөткел негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

13. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Комсомол жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

14. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қ.Шаңғытбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

15. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Қарашатау жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

16. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Қыналы негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

17. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «М.Жұмабаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

18. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Мамыт негізгі орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

19. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Милы бастауыш білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

20. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сарат жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

21. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

22. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Сұлукөл жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

23. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Т.Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

24. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

25. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Талдық негізгі орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

26. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

27. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Талдысай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

28. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

29. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Үшқатты жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

30. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сейдалы Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

31. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Балауса» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

32. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айгөлек» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

33. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақбота» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

34. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

35. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Мөлдір бұлақ» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

36. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Балдәурен» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

37. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Нұрбөбек» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

38. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Болашақ» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

39. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Шаттық» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

40. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Балапан» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

41. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шамшырақ» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

42. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Бәйтерек» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

43. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Аққайың» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

44. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Бөбек» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

45. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Нұрсәт» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

46. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Балбұлақ» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

47. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Гаухар» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

48. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақ көгершін» мектепке дейінгі ұйымы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

49. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Әйтеке би ауданының балалар саз мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

50. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «санаториялық үлгідегі «Балдырған балалар мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне;

**Утверждено постановлением**
**акимата Актюбинской области**
**от «25» июля 2023 года № 190**

# ПОЛОЖЕНИЕ
## о государственном учреждении «Отдел образования Айтекебийского района Управления образования Актюбинской области»

## Глава 1. Общие положения

1. Государственное учреждение «Отдел образования Айтекебийского района Управления образования Актюбинской области» (далее – отдел образования) является государственным органом Республики Казахстан, осуществляющим руководство в сфере образования.

2. Отдел образования имеет подведомственные организации.

3. Отдел образования осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами, а также настоящим Положением.

4. Отел образования является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного учреждения, имеет печати и штампы со своим наименованием на государственном языке, бланки установленного образца, в соответствии с законодательством Республики Казахстан счета в органах казначейства.

5. Отдел образования вступает в гражданско-правовые отношения от собственного имени.

6. Отдел образования имеет право выступать стороной гражданско-правовых отношений от имени государства, если оно уполномочено на это в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

7. Отдел образования по вопросам своей компетенции в установленном законодательством порядке принимает решения, оформляемые приказами руководителя отдела образования и другими актами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан.

8. Структура и лимит штатной численности отдела образования утверждаются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

9. Местонахождение отдела образования: 030100, Республика Казахстан, Актюбинская область, Айтекебийский район, сельский округ Темирбека Жүргенова, село Темирбека Жургенова, улица Темирбека Жургенова, дом 73

10. Полное наименование государственного органа - государственное учреждение «Отдел образования Айтекебийского района Управления образования Актюбинской области».

11. Настоящее Положение является учредительным документом отдела образования.

12. Финансирование деятельности отдела образования осуществляется из областного бюджета в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

